

**Мәслихаттың 2011 жылғы 10 маусымдағы № 390 "Лисаков қаласының жер телімдері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және жер аймақтары шекараларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 131 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 7011 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 106 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 27.12.2023 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 11-бабы 1-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2011 жылғы 10 маусымдағы № 390 " Лисаков қаласының жер телімдері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттерін және жер аймақтары шекараларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3764 тіркелген, 2011 жылғы 2 шілдеде "Қостанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы";

2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес Лисаков қаласының жерлері бағалау аймақтарының шекаралары бекітілсін.";

жоғарыда көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының тақырыбы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Лисаков қаласының жерлері бағалау аймақтарының шекаралары".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Қостанай облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*М. Ахметов*

*С. Ещанов*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қостанай облысы әкімдігінің  
жер қатынастары басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Н. Абдуов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ